КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 14 қараша дело №7119-23-00-2/12098(13135) Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы А.Асангазының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Біржақты шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Г.Бейсенаев,
жауапкердің өкілі Б.Лукман

<u>СИПАТТАУ БӨЛІМІ:</u>

2023 жылдың 18 тамызда «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (өнім беруші) арасында № 6/1662 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 30 дана механикалық өлшемдік құрылғыны жеткізуге міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 3 763 200 теңгеге көрсетілген тауарды шартқа қол қойылған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Алайда жауапкер 2023 жылғы 17 қыркүйекке дейін шартта көрсетілген тауар жеткізілмеген.

Тараптар арасында 2023 жылғы 03 қазанда аталған шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкер қойылған талаптармен келіспей, біржақты шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы талап қоюшыға қарсы талап қою арызымен сотқа жүгінді. Онда шарттың 8.3 тармағына сәйкес, шарт талаптарын бұзғаны үшін тапсырыс беруші өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп шартты толық немесе ішінара бұза алады. Алайда, талапкер жазбаша хабарлама жауапкерге жіберілмеген.

Онымен қоса шарттың 10.4 тармағына сәйкес, форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде өнім беруші тез арада тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. 2023 жылғы 17 қыркүйекте өнім беруші тапсырыс берушінің атына контрагенттің жеткізуді кешіктіруіне байланысты тауарды жеткізуді кешіктіру туралы тиісті хабарлама жіберді. Бұл ретте өнім беруші тауарды жақын арада жеткізуге міндеттенді. Қазіргі уақытта өнім берушіде тауар бар және оны тапсырыс берушінің келісімі бойынша кез келген уақытта жеткізе алады. Талап қою арызын қанағаттандырудан бас тартуын, ал қарсы талап қою арызын қанағаттандыруын сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді, жауапкердің қарсы талап қою арызын негізге алмауын сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қою арызымен толығымен келіспеді, қарсы талап қою арызында көрсетілген уәждерін негіздеп, оны қанағаттандыруын сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 15.11.2023

Дата вступления в законную силу: 09.01.2024, судья Жетибаев Ж. К., 17.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сот отырысында анықталғандай, шартта көрсетілген мерзімде жауапкер 30 дана механикалық өлшемдік құрылғыны талап қоюшыға жеткізбеген.

Осыған байланысты тараптар арасында 2023 жылғы 03 қазанда аталған шарт біржақты бұзылған.

Жауапкер қарсы талап қоюдағы көрсетілген уәждерінде, шарт талаптарын бұзғаны үшін тапсырыс беруші өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп шартты толық немесе ішінара бұза алады, алайда талапкер жазбаша хабарлама жасамаған. Сот көрсетілген уәжі негізсіз деп санайды, себебі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы бойынша тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты электрондық түрде жазбаша нысанда жасалынады, осы шарттан туындаған барлық жазбалар веп-портал арқылы жүргізіледі. Электрондық азаматтық іске тіркелген дәлелдемелерге сай, талап қоюшы шартты бұзбай тұрып, бірінше жауапкерге 2023 жылғы 18 қыркүйекте жазбаша электрондық түрде ескертпе жолданған, ал жауапкер сол күні ескертпені оқыған, бірақ аталған ескертпе орындаусыз қалған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 152-бап 1-1-тармағына сай мәміленің жазбаша нысаны қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жасалады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-баының 1 және 2-тармақтарына сай осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей. Электрондық құжат оны телекоммуникациялар желісі арқылы берген кезден бастап жіберілген болып есептеледі.

Одан бөлек жауапкер талапкерге контрагенттің жеткізуді кешіктіруіне байланысты тауарды жеткізуді кешіктіру туралы тиісті хабарламаны форс-мажор қатарына кіргізіп отыр, алайда көрсетліген жайт шарттың орындау мерзіміне еш әсер етпейді.

Жауапкердің бұл кінәлі әрекеті, онда шарттың орындалмағаны тапсырыс берушіге жағымсыз салдар туғызып отыр.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

Бастапқы талапты қанағаттандыруына байланысты жауапкердің қарсы талабы толық сот отырысында өз дәлелін таппады және оны қанағаттандыруға еш негіз жоқ.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 15.11.2023

Дата вступления в законную силу: 09.01.2024, судья Жетибаев Ж. К., 17.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сонымен, сот «Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қарсы талап арызын қанағаттандырудан бас тартуға жатады деген қорытындыға келеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Қарсы талап қоюшы «Батыс Жол Арнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына біржақты шартты бұзуды заңсыз деп тану туралы қарсы талабы қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 15.11.2023

Дата вступления в законную силу: 09.01.2024, судья Жетибаев Ж. К., 17.01.2024

7119-23-3-1/11834